

**«М.Х. Дулати атындағы Тараз
өңірлік университеті» КЕ АҚ
«2023 жылғы түлектердің жұмысқа
орналасу мәселесі туралы»**

**«Карьера және бизнес серіктестік»
орталығының басшысы
Ержанова Мира Едігеевна**



Университет еңбек қызметін ұйымдастыруда келесі нормативтік-құқықтық базаны басшылыққа алады

- 1.«Білім туралы» Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 27 шілдедегі №319- III Заңы(енгізілген өзгертулермен)
2. «Маманды жұмысқа жіберу, бюджет қаражаты есебінен шеккен шығыстарды өтеу, өз бетінше жұмысқа орналасу құқығын беру, мемлекеттік білім беру тапсырысы негізінде білім алған Қазақстан Республикасының азаматтарын жұмыспен өтеу жөніндегі міндетінен босату немесе олардың міндетін тоқтату қағидалары» Қазақстан Республикасының Ғылым және жоғары білім министрлігінің 2023 жылғы 11 тамыздағы № 403 бұйрығы.



Түлектердің жұмысқа орналасуы саласындағы Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілеріне сәйкес міндетті жұмыспен қамтылуға жатады

Мына азаматтарға үшжылдық жұмыспен өтеу міндеті жүктелген:





«2023 жылғы түлектер туралы ақпарат»

Барлық түлектер	2279
Ақылы негізде	1485 (65%)
Мемлекеттік тапсырыс негізінде	794(34,8%)
Жалпы жұмысқа орналасқандар	1608/70,9 %,
Оның ішінде мемлекеттік тапсырыс бойынша	616/77,7%

2023 жылы түлектердің жұмысқа орналасу статистикасы

Жыл	Түлектер саны	Сауанамаға қатысқандар, анықтама өткізгендер	Жұмысқа орналасқандар санатындағылар		Шартты, нақты есепке алынбайтындар		Жұмыспен қамту орталығында есепте тұрғандар (оның ішінде шетелге кеткендер)
			Жұмысқа орналасқандар	Бала күтімі бойынша демалыста	Магистратура да оқуын жалғастыруда	ҚР қарулы күштері қатарына шақырылғандар	
2023	2279	2106	1248	373	84	3	571
			1448		87		571
			Жалпы		1535		

Факультет бойынша түлектердің жұмысқа орналасуы

Факультет/институт	Жалпы бітірушілер	Грант	Жұмысқа орналасқандар саны	Пайыз %
Ұстаз	710	277	509	71,7
Технологиялық факультет	199	99	143	72,3
Ақпараттық технологиялар	233	116	179	77,1
Су шаруашылығы және табиғатқа үйлестіру	284	166	190	67,1
Гуманитарлық-әлеуметтік ғылымдар	249	80	186	74,7
Өнер және спорт	329	50	206	62,7
Экономика және құқық	275	6	196	71,3
Университет бойынша	2279	794	1609	70,9

Жұмыс берушілермен кездесулер

03.12.2022 жылы «Ақпараттық технологиялар» факультетінің 4 курс студенттерімен дөңгелек үстел іс-шарасы ұйымдастырылды. Іс –шараға Тараз қаласының жұмыс берушілері, ЖФ ЖШС «Казфосфат», «Жамбыл облысының жобалық басқару және цифрландыру орталығы», ІТ мемлекеттік басқару органдары, Тараз қаласының №3, №15, №49 мектептерінің өкілдері қатысты. Студенттер өздерінің сұрақтарына жауап алып, жұмыс берушілермен сұқбаттасты.





Университетте өткізілген «Жас маман-2023» жәрмеңкесі

Университет аумағында 12 мамырда «Жас маман-2023» бос жұмыс орындары жәрмеңкесі өткізілді. Жәрмеңкеге 60-тан астам облыстың жұмыс берушілері, жұмыспен қамту орталығының мамандары, Облыстық және қалалық білім беру басқармасының қызметкерлері қатысты.





Жұмысқа орналастыру бойынша факультеттерде жүргізілген іс-шаралар

Университет құрамындағы барлық факультеттерде 2022-2023 оқу жылында жұмыс берушілермен дөңгелек үстел іс-шарасы жүргізілді. Мысалы, Гуманитарлық-әлеуметтік факультетінің ұйымдастыруымен 2023 жылдың 14 ақпанында «Білікті маман-қоғам сұранысы 2023», 11 наурызда Технологиялық факультеттің «Бітіруші түлектердің жұмыспен қамтылуы және болашақ перспективалары», 2022 жылдың 2 желтоқсанында «Экономика және құқық» факультетінде «Мамандығым-болашағым», 3.12.2022 жылы «Ақпараттық технологиялар» факультеті «Жалынды-жастар-жарқын болашақ» атты іс-шаралар өткізді.



Бітіруші студенттерге консультациялық көмек шаралары

2023 жылдың 28 қарашасында М.Х. Дулати атындағы Тараз өңірлік университетінің «Карьера және бизнес серіктестік» орталығының басшысы Ержанова Мира Едигеевна мемлекеттік грант бойынша білім алушы студенттеріне жұмыс өтемі туралы қоғамдық қабылдау жүргізді. Қабылдауға мемлекеттік грантта оқитын педагогикалық білім беру бағдарламаларының 4 курс студенттері өте көп қатысты. Негізгі қойылған сұрақтар: мемлекеттік грант бойынша оқуды аяқтағаннан кейінгі жұмыс орындары, жұмыс өтілінің уақыты және қандай себептермен жұмыс өтілін жасамауға болады.



Жұмыс берушілермен кездесу

2023 жылдың 29 қарашасында Технологиялық факультетінің «Автоматтандыру және телекоммуникация» кафедрасының және Карьера және бизнес серіктестік орталығы бірлесіп, 4 курс студенттерімен «Казфосфат» АҚ аумағындағы оқу орталығында жұмысқа орналасу бойынша кездесу өткізді. Кездесуге кафедраның екі бағдарламасы бойынша студенттер, кафедра меңгерушісі, оқытушылар, «Казфосфат» АҚ бөлім басшылары, мастерлері және «Таразкожобувь» ЖШС-ң кадрлар бөлімінің басшысы қатысты. Студенттер өздерінің сұрақтарын қойып, жұмысқа орналасу бойынша сұхбат жүргізілді. «Казфосфат» АҚ-ң оқу орталығын, заводтың АТС бөлімін аралап, танысты.



Жамбыл облысы бойынша түлектеріміздің басым көпшілігі жұмысқа орналасатын мекемелер:

1. Жамбыл облысы бойынша білім басқармасы (Облоно)
2. Тараз қаласы бойынша білім басқармасы (Гороно)
3. «Казфосфат» АҚ
4. «Таразкожобувь» ЖШС
5. "ТАРАЗҚҰРЫЛЫСИНВЕСТ« ЖШС
6. «Тараз металлургия заводы» ЖШС
7. Халық банк , Каспий банк, Центркредит банк филиалдары
8. «Энерджи Тараз» ЖШС
9. «Қазсушар» республикалық мемлекеттік кәсіпорын

Жұмысқа орналасу деңгейін көтеру үшін жасалынатын іс-шаралар:

1. Вedomствоаралық құрылымдардың қатысуымен облыс экономикасын кәсіби-техникалық кадрлармен қамтамасыз ету үшін кадрларға қажеттілікті болжаудың нақты тетігін қалыптастыру қажет.
2. Университетті аяқтаған педагогикалық бағдарламалар түлектерін жұмысқа орналасуын жеңілдету үшін Облыстық Білім беру басқармасы аудандардағы, ауыл-аймақтардағы қажет бағдарламаларға ұсыныстар жанақтап, мақсатты(целевой) педагогтарды дайындау жүргізілуі тиіс.
3. Білім беру бағдарламаларының өзектілігі мен сапасына жұмыс берушілердің назар аударатынын есте сақтау керек. Білім беру бағдарламаларын еңбек нарығында сұранысқа ие бағдарламаларға жаңалау керек.
4. Магистратураға түсетін студенттермен жұмыс атқару керек. Олардың емтихандарды сәтті тапсырып, магистратураға түсуі үшін ағылшын тілінен курстар ұйымдастыруды жалғастыру керек.



5. Мекемелердің сұранысы бойынша алыс елді-мекендерге өндірістік практикаға кеткен 3-4 курс студенттерін әрі қарай жұмысқа орналасуына кепілдік алу керек.

6. Өңірлердегі теңгерімсіздікті азайту үшін 10-11 сынып оқушыларын экономиканың жекелеген салаларындағы кадрлардың тапшылығы туралы хабардар ету керек.

7. Кейбір оқу бағдарламаларына түсуге шектеу қою және инженерлік-техникалық мамандықтар бойынша гранттар санын көбейту мүмкіндігін қарастыру қажет.



Жұмысқа тұрмаған университет түлектеріне арналған сауалнама үлгісі

Жұмысқа тұрмаған университет түлектеріне арналған сауалнама

(Жұмысқа тұрмаған себебіңізді белгілеңіз)

№	Сұрақтар	Жауап
1	Қандай бағдарлама бойынша білім алдыңыз?	
2	Вакансия болмады	
3	Жұмыс жағдайына көңілі толмады	
4	Еңбекақы төмен болды	
5	Диплом бойынша жұмыс істеуді жоспарламады	
6	Жұмыс берушінің талаптарына сай келмеді	
7	Басқа мамандық бойынша жұмыс істейді	
8	Оқуын әрі карай жалғастырады	
9	Жеке кәсіпкер ретінде жұмыс істейді	